

## Тіркелген салық ставкалары туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2009 жылғы 18 ақпандағы N 13/3 шешімі. Шығыс Қазақстан облыстық Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2009 жылғы 03 наурызда N 5-1-103 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 22 маусымдағы № 31/3-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 22.06.2018 № 31/3-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Өскемен қаласының аумағында айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың ставкалар мөлшері белгіленсін.

2. Өскемен қалалық мәслихатының 2007 жылғы 29 қарашадағы № 3/4 "Тіркелген жиынтық салығының ставкалары туралы" (тіркеу № 5-1-72, 2007 жылғы 25 желтоқсандағы "Дидар" газетінің № 156 және 2007 жылғы 22 желтоқсандағы "Рудный Алтай" газетінің № 190-191 сандарында жарияланған) шешімі күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Е. Мәндіев

Қалалық мәслихаттың хатшысы Е. Нәбиев

Өскемен қалалық мәслихатының  
2009 жылғы 18 ақпандағы № 13/3  
шешіміне қосымша

## Тіркелеген салық ставкалары туралы

№	Салық салу объектілері	Айына салық салу объектісінің бірлігіне ставкалардың мөлшерлері (айлық есептеме көрсеткіште)

1	Ойынды бір ойыншымен жүргізуге арналған ақшалай ұтыссыз ойын автоматы	12
2	Ойынды бірнеше ойыншымен жүргізуге арналған ақшалай ұтыссыз ойын автоматы	12
3	Ойынды жүргізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1,7
4	Ойын жолы (боулинг, кегельбан)	22,5
5	Карт	2,1
6	Бильярд үстелі	16,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК